

Шешім № 168
7 тамыз 2014 жыл

**Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы
25 желтоқсандағы № 121 «Шалқар
ауданының 2014-2016 жылдарға
арналған бюджеті туралы»
шешіміне өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106 бабына сәйкес Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы №121 «Шалқар ауданының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3742 санымен тіркелген, 2014 жылғы 30 қаңтардағы «Шалқар» газетінің №4-5(8320) санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1.Шалқар ауданының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2014 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер	6112651,2 мың теңге,
оның ішінде:	
салықтық түсімдер	1663960,0 мың теңге,
салықтық емес түсімдер	48534,0 мың теңге,
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	72506,0 мың теңге,
трансферттердің түсімдері	4327651,2 мың теңге;
2) шығындар	6137643,8 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу	17099,0 мың теңге,
оның ішінде:	
бюджеттік кредиттер	19446,0 мың теңге,
бюджеттік кредиттерді өтеу	2347,0 мың теңге;
4) тапшылық	-42091,6 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру
(профицитті пайдалану) 42091,6 мың теңге.»;

7 тармақта:

төртінші абзацта:

«8804,0» сандары «13263,0» сандарымен ауыстырылсын;

8 тармақ мынадай мазмұндағы 8-1 тармағымен толықтырылсын:

«8-1. Ауданның 2014 жылға арналған бюджетінде республикалық бюджеттен:

Шалқар ауданының Біршоғыр ауылындағы бір пәтерлік жалдамалы коммуналдық тұрғын үйінің құрылысына - 5370,0 мың теңге;

Шалқар ауданының Шалқар қаласындағы И.Тұнғатаров көшесі бойынша №382, №383 екі пәтерлік жалдамалы коммуналдық тұрғын үйлердің құрылысына - 21578,0 мың теңге;

Шалқар ауданының Бозой ауылындағы екі пәтерлік жалдамалы коммуналдық тұрғын үйінің құрылысына - 10789,0 мың теңге нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін.

Нысаналы даму трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.»;

9 тармақта:

екінші абзацта:

«32131,0» сандары «22400,0» сандарымен ауыстырылсын;

10 тармақта:

төртінші абзацта:

«6650,0» сандары «5424,0» сандарымен ауыстырылсын;

жетінші абзацта:

«17721,0» сандары «5410,0» сандарымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1 тармағымен толықтырылсын:

«10-1. Ауданның 2014 жылға арналған бюджетінде облыстық бюджеттен:

Шалқар қаласының даму аймағындағы сумен жабдықтау желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға – 4800,0 мың теңге;

Шалқар қаласындағы даму аймағындағы газбен жабдықтау желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға – 3600,0 мың теңге нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін.

Нысаналы даму трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.»;

көрсетілген шешімнің 1, 5 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Е.Қазбеков

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
С.Тулемисов